

**Сраилова Акмарал Бердалиевнаның философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған «6D021000 – Шетел филологиясы»
мамандығы бойынша «Поэтикалық дискурстағы просодикалық
ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі
заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

П І К І Р

Сраилова Акмарал Бердалиевнаның диссертациялық жұмысы қазіргі ағылшын және қазақ поэзиясы материалдары негізінде поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктерін коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан талдауға бағытталған. Зерттеу өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, қазіргі тіл білімінде дискурс талдауы қарқынды дамуда, алайда поэтикалық мәтінді прагмалингвистика тұрғысынан қарастыру сирек қолға алынған. Әсіресе, поэтикалық дискурстағы просодикалық құралдардың (интонация, кідіріс, ырғақ, тембр, қарқын) коммуникативті-прагматикалық қызметін анықтау — тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Екіншіден, ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың салыстырмалы тұрғыдан қарастырылуы отандық тіл білімінде жаңаша ғылыми қадам. Үшіншіден, зерттеуде қолданылған PRAAT бағдарламасы арқылы жасалған акустикалық өлшемдер, интонациялық модельдер мен аудиторлық талдаулар алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін арттырады. Бұл тәсіл қазіргі әлемдік тіл біліміндегі эксперименттік бағыттармен үндес келеді. Төртіншіден, зерттеудің өзектілігі «Қазақстан – 2050» стратегиясында және 2023–2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында көрсетілген ұлттық ғылымды жаңғырту, халықаралық кеңістікке интеграциялау, ұлттық мәдениетті дәріптеу және қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттыру міндеттерімен тікелей байланысты.

Диссертацияда теориялық тұжырымдар жүйелі баяндалып, олар эксперименттік-эмпирикалық деректермен дәйектелген. Автор поэтикалық мәтіндерге талдау жасау барысында инструменталды-фонетикалық әдістерді (PRAAT бағдарламасы) және аудиторлық экспериментті ұштастырған. Алынған нәтижелер нақты тілдік материалдармен (Вэнди Коуп пен Нәзікен Алпамысқызы шығармалары негізінде) бекітіліп, ұлттық поэтикалық дәстүр ерекшеліктері көрсетілген. Интонация, ырғақ, кідіріс, тембр, қарқынның коммуникативті-прагматикалық қызметі ғылыми тұрғыдан сипатталып, олардың тыңдаушы қабылдауына әсер ету механизмдері айқындалған.

Жұмыстың теориялық құндылығы — поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық аспектісін тереңдетіп, просодикалық тәсілдердің эмоциялық-экспрессивтік әлеуетін айқындауында. Ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурстарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар көрсетіліп, типологиялық сипаттама жасалған. Практикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы арнайы курстар мен семинарларды жүргізуге, сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын дайындауда пайдалануға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығына келетін болсақ, алғаш рет қазақ тіл білімінде ағылшын және қазақ сияқты туыс емес тілдер негізінде поэтикалық дискурс салыстырмалы түрде кешенді зерттелді, сондай-ақ поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктері коммуникативті-прагматикалық аспектіде жүйелі талданды. Эксперименттік-фонетикалық және аудиторлық әдістерді ұштастыру арқылы интонация, ырғақ және кідірістердің прагматикалық қызметі алғаш рет кешенді түрде сипатталды.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар жаңалығының жеткілікті дәрежесімен, негізділігімен сипатталады және қарсылық тудырмайды.

Бірінші тұжырымда поэтикалық дискурс көпқабатты коммуникативтік құрылым ретінде қарастырылып, оның семантикалық, құрылымдық және прагматикалық белгілері айқындалды. Бұл тұжырым отандық тіл білімінде поэтикалық мәтінді тек эстетикалық құбылыс емес, прагматикалық жүйе ретінде сипаттаудың жаңа бағытын көрсетеді.

Екінші тұжырымда поэтикалық дискурстағы иллокутивтік актілер мен пресуппозицияларды жүйелі түрде талдау екінші нәтиженің шынайылығы мен ғылыми негізділігін көрсетеді. Бұл тұжырым поэтикалық дискурста прагматикалық мазмұнның тек тілдік таңбаларда ғана емес, интонация, құрылым және ырғақ деңгейінде де көрініс табатынын дәлелдеп, прагмалингвистиканы поэтикалық дискурсқа қолданудың жаңа бағытын айқындайды.

Үшінші тұжырым отандық тіл білімінде поэтикалық мәтіндерге суперсегменттік фонетикалық құралдар – вокалданған кідіріс пен хезитация арқылы прагматикалық мағына берудің ғылыми тұрғыда негізделуімен ерекшеленеді. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық мәтіндердің дыбыстық құрылымында мұндай кідірістердің прагматикалық қызметі бұрын-соңды арнайы жүйеленіп қарастырылмаған.

Төртінші тұжырымда ағылшын және қазақ поэзиясындағы просодикалық ерекшеліктер фонетика-фонологиялық әрі инструменталды-фонетикалық әдістер арқылы, соның ішінде осцилограмма мен PRAAT бағдарламасының нақты акустикалық деректеріне сүйене отырып талданған. Сандық технологияларды қолдану нәтижесінде отандық поэтикалық дискурсты зерделеуде сирек кездесетін әрі әдіснамалық тұрғыдан жоғары деңгейлі ғылыми жаңалық ұсынылған.


Бесінші тұжырымда ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстағы просодикалық құралдардың мәдени-ұлттық сипатта жүзеге асуы мен олардың прагматикалық қызметі салыстырмалы тұрғыда талданып, маңызды типологиялық қорытындылар жасалды. Бұл бағытта бұған дейін тек шағын шолулар болғандықтан, аталған тұжырым отандық лингвистикада салыстырмалы поэтикалық прагматика аясында тың ғылыми бағыттың қалыптасуына жол ашатын нәтижелерді ұсынады.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады. Жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, мазмұны терең, ғылыми пайымдары дәйекті. Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер қазіргі ғылым

жетістіктеріне негізделген, зерттеу нәтижелері бірнеше беделді басылымдарда жарық көрген.

А. Сраилованың диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы бар, теориялық және практикалық құндылығы жоғары, толық аяқталған еңбек болып табылады. Сраилова Акмарал Бердалиевнаның «Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысын оң бағалай отырып, оны «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Пікір беруші: Есенова Калбике Умирбаевна
Филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры



87072348915

Kalbike_65@mail.ru